

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 23 қазан N 1581

Ұлттық авиа тасымалдаушысы "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Эйр Қазақстан" ЖАҚ) банкрот болуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазкоммерцбанк" ААҚ), "Эйр Қазақстан" ЖАҚ және "Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамы арасында 2000 жылғы 2 қазанда жасалған бәтуагерлік келісім мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - Көліккоммині) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ның 50 (елу) пайыз дауыс беру акцияларын "Қазкоммерцбанк" ААҚ-ның "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ын оналту жоспарын әзірлеу және Көліккомминімен келісу жөніндегі міндеттемесін сенімді басқару шарты жағдайында көз десін;

2) "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ның "Боинг Эйркрафт" компаниясымен келіссөздерінің қорытындысы бойынша әуе кемелерінің қаржы лизингі мәмілелерінің мәнін алмастыру және тиісті мемлекеттік кепілдіктерді қайтып алу мүмкіндігін қарасын;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитетімен бірлесіп осы қаулыны жүзеге асыруға қажетті барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК